Мұражайдың ендігі мақсаты облыс орталығына жақын елді-мекенді жерлерге этнографиялық экспедиция жасап, жергілікті халық арасынан тарихи топономикалық, биографиялық мәліметтер жинау. Тағы да бір қуантарлық жағдай 2016 жылдың ақпан айында мұражайда «Қазақ хандығының 550 жылдығына» орай фотокөрме ұйымдастырылмақ. Жалпы айтқанда, мұражай тәжірибелік жұмыстарында институт ұстаздарымен белсенді түрде пайдаланылады. Ал студенттер мұражайдан ертеңің көзіндей сақталған андрон мәдениетінің маккеттерін көре алады. Бұның бәрі студенттердің білімін арттыруға ықпал жасайды.

Ой толғам

# Алғашқы қар

**Гүлім САҒЫДАТҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының 1 курс студенті**

**Мен секілді бір топ жас орта мектепті аяқтап, арман қуып әр қалаға оқуға аттанды. Әрқайсымыз өз үйімізден жырақта жүріп білім алудамыз.**

Бүгінде менде жаңа достар, жаңа орта бар. Оқуға түсуге келгенде маған бейтаныс болып көрінген Қостанай қаласы бірте-бірте ыстық болып бара жатқандай. Себебі, А.Байтұрсынов атындағы оқу ордасы және кейінші үйіме айналған жатақхана да осы қалада орналасқан.

Студенттер таңнан кешке дейін қарбалас тіршіліктен қолдары бір босамайды. «Серпін» бағдарламасымен оңтүстіктен астықты өлкеге келген студенттер солтүстіктің суығына енді еттері үйрене бастағандай. Біздің облысымыздың ауа райы да өзгеше. Қысы қалың және күздің соңғы айларында ызғар сезіле бастайды. Биылғы күз тіпті суық болып тұр. Қазан айы басталысымен-ақ жел екпіні үдей түсті.

Демалыс күні ұйқыдан түске таман оянып, бөлме ішін жинастыра бастаған біздер, «қар жауып жатыр» деген көрші бөлмедегі дауысты ести сала терезеге қарадық. Шынымен де жапалақтап қар жауып тұр. Жатақхана студенттерінің бәрі терезеге үңіліп, сыртқа көз тастап отыр екен. Аппақ ұлпа қар қаланың сыртқы келбетіне ерекше көрік беріп тұрғандай. Әлі сарғайып үлгермеген жапырақтар қар үстінде жап-жасыл болып жатыр. Артынша күн бұлттанып, бөлме ішін қараңғылық жайлады. Мұндай ауа-райына біздің де көңіл күйіміз жабырқап қалды. Өз мезгілінен ерте жауған ақ ұлпа лезде көңіл күйімізді көтеріп жіберді. Ішімнен жапалақтап жауып жатқан қарға қарап тілек тіледім. Әрине, мен сияқты 1 курс студенттерінің алғаш ойына түсетіні, ол тезірек үйге бару.

Барлығымыз бірінші сессияның аяқталар кезін асыға күтудеміз. Қардың ерте жаууы да демалысқа шығар күннің алыс еместігіне деген сенімімізді үдете түседі. Сондықтан жаңа жылдың тезірек жақындауын тіледім. Одан соң құрбым екеуіміз ақ қар жамылған әсем табиғатты тамашалауға далаға шықтық. Қала орталығында адам көп екен. Барлығы жайдары жүзбен таза ауада серуендеп жүр. Көшеде көрісіп қалған таныстарымыз да бүгінгі күннің ерекше жаңалығы болған алғашқы қарды әңгіме етуде. Алғашқы қар көңілдегі қаяуды судай шаяды деп сенемін. Ақ қар жауған күн менің өмірімнің бастамасы іспетті. Алғашқы қар жауған күн осындай ерекшеліктерімен есте қалды.

Жастық шақтың жарқылы

# Жайдарман

**Перизат ОҢАЙБЕК,
ГӘФ журналистика мамандығының 1 курс студенті**

**Жайдарман ойындары жастар арасында сұранысқа ие. Көрермені көп, көңілді тапқырлар клубының бүгінгі жай-күйі жоғарғы деңгейде деп айта аламыз.**




Әрине, олқылықтар да бар, Жайдарманды ескі театрлармен салыстырып та жатады. Бірақ, бұл - жастардың ойыны. Жайдарман - жай ғана көңіл көтеріп, ойнап, билеу ғана емес, ол көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, адамның интеллектуалдық деңгейін көтеруге көмектеседі. Сонымен қатар, бұл сайыс ел танып, жер көріп, батыс пен шығыстағы, оңтүстік пен солтүстіктегі жайдарманшылардың өзара араласып, дос болуларына жол ашады. Осы мақсатта Қазақстанның көптеген облыстарында Жайдарман ойындары ұйымдастырылып жүр. Мысалы, Солтүстік аймақтың орталығы болып саналатын Қостанай қаласында жайдарман ойындары тұрақты түрде өтіп тұрады. Қазанның 9-10 аралығында қалалық балалар шығармашылық мектебінде көптен күткен республикалық "Торғай" орталық лиганың жартылай финал болды. Оны Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысымен "Қазақстан КВН одағы" Қостанай КВН облыстық филиалы ұйымдастырған болатын. Жартылай финалға Орал қаласынан «S -Class», «Жаңа толқын», Ақтөбеден «Өрлеу», Астанадан «Алтын белгі», Қарағандыдан: «Болашақ VIP», Қостанайдан: «Депутат», «Дарын құрамасы», «Сөзжетпес», Арқалықтан «АРУ KZ», Павлодардан «Ақсу құрамасы» сынды командалар қатысты. Қазылар алқасының құрамында Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Қалмақов, Ардагер КВН-ші Қанат Шипин, облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың ақпараттық-сараптама бөлімінің бас маманы Ақмарал Құрманова, Қазақстан-Қостанай облыстық телеарнасының редакторжүргізушісі Алла Гаврина, «Қазақстан КВН одағы» РЖҚБ редакторы, республикалық «Торғай» орталық лигасының бас редакторы Қасиет Кәрім, жас актер Ниязбек Шайсұлтановтар болды.

Ойынның бірінші күнінде алғашқы бес команда ойнады, екінші күнінде екінші бестік өнер көрсетті. Екі күнде де ойын тартысты өтті. Командалар жартылай финалға өте жоғарғы деңгейде дайындалған. Көрермендерге де ойын ұнады деуге болады. Көпшілік жайдарманшыларға қол соғу арқылы өздерінің ықыластарын көрсетті. Арпа ішінде бір бидай болған «Ару KZ» құрамасының ойыны өзіме ерекше ұнады. Тек қана қыздардан құралған команда өздерінің ерекше әзілдерімен, қылықтарымен көрерменді баурап алды. Ойын барысында ұтымды әзілдер мен ойлар, ащы шындықтар да айтылды. Жайдарманшылар астарлы әзілмен қоғамдағы шындықты айтып кетті. Ойын барысында шынайы күлкілер естіліп жатты. Қазылар алқасына да ойын ұнаған сынды. Олар да өз ойларын ерекше сезіммен, ашық білдіре білді. Қазылар алқасының мүшесі Қанат Шипин «S – Class» және «Депутат» командаларының өзіне ерекше ұнағанын айтып өтті. Ал Қасиет Кәрім «Ойын өз деңгейінде өтті, бірақ әлі де тыңғылықты дайындалу керек. «Ару KZ» қатарға қосылуларыңызбен құттықтаймын»-деп әзілдеп те қойды.

Финалға 6 команда жолдама алды. Финал желтоқсан айының 5 күні Қостанай қаласында өтеді деп жоспарлануда. Келесі кезеңге өткен командаларға сәттілік тілейміз. Ол сайыстан да тартысты ойын күтеміз.

Артық болмас білгенің

# «Әлеуметтік жәшік» деген не?

**Дәуренбек СИРАЖ,
ГӘФ журналистика мамандығының 1 курс студенті**

**Қоғамда көмекті қажет ететін жастарымыз аз емес екендігі баршамызға мәлім. Осынау көкейтесті мәселенің шешімін тауып, қол ұшын беріп жатқан оқу ордамыздың «әлеуметтік жәшік» деп аталатын жәрдем түрін студенттеріміз біледі ме?**

Әлеуметтік көмекті ең алдымен ата-ана қамқорлығынсыз қалған студенттер пайдалана алады. Оларға ұжымдық келісім бойынша дәлелді құжаттармен расталғаннан кейін, міндетті түрде 50 пайыздық жеңілдік, оған қоса тегін кезексіз жатақхана және тамақтануына белгілі бір мөлшерде қаражат бөлінеді.

Жоғары оқу орны тарапынан көрсетілетін келесі жеңілдік – білім гранттары. Өте жақсы оқыған студенттер, GPA4.0 көрсеткіші бойынша университетіміздің ішкі 10 грантын иеленеді. Алайда, мұндай студенттер көп болғандықтан үздіктердің үздігі таңдалады. Яғни, қоғамдық жұмыстарға араласып жүрген белсенді студенттерден іріктеледі.

А.Байтұрсынов атындағы қара шаңырақтың өзіндік «Білім», «Мәдениет», «Үміт» атты арнайы гранттары да бар. Егер, талапкер жоғары оқу орны атынан ғылыми дәрежесі не жетістігі болатын болса «Білім» грантын немесе оқу ордасының атынан спорт, өнер салаларында жетістікке жетсе «Мәдениет» грантын, «Алтын белгі» немесе «Үздік аттестат» иегері атанса «Үміт» грантына қол жеткізуге мүмкіндігі бар.

Оған қоса университет қабырғасында 5 жыл уақыт қызмет еткен ұстаздар мен қызметкерлердің балалары ақылы түрде білім алып жатса, оған 40 пайыздық жеңілдік жасалады.

Бесе оқыған тіл, ғылым, өнер бағытындағы студенттерге президенттік, облыс әкімінің және А.Байтұрсынов атындағы, мал шаруашылығының мамандықтарына К.Скрябин атындағы, Аманкелді ауданының жастарына А.Иманов атындағы шәкіртақылар қарастырылған. Атап өтерлік жақсы жаңалықтардың бірі кәсіподақ ұйымы өз тарапынан бірінші студенттер үйінде тұрып, төртінші ғимаратқа қатынайтын білім алушыларға қоғамдық көліктерде жол жүруге қаражат бөледі. Осындай сан алуан көмектен құр қалмайтын дегеніз, білім жарысында топ жаруға асығыңыз!

Интервью

# Достойное поколение



**Динара Абдирова, студентка 2 курса ГСФ, специальность "журналистика"**

**На сегодняшний день среди студентов широкую популярность имеют дебатные клубы. Каждое высшее или среднее заведение имеет свой центр. Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова на студенческой арене представляет дебатный клуб "Ахмет Ұрпақтары". О том, как всё начиналось, о достижениях, и об основной задаче мы решили узнать у Президента клуба Рауана Карамурзина.**

**Рауан Карамурзин - Президент дебатного клуба"АхметҰрпақтары"**

Досье:

**Кубок новичков республика 2012 год - 3 место;*
**Лучший судья КГУ КАП 7 - 2014 год;*
**Кубок весны 3 место - 2014 год;*
**Лучший молодой игрок 2013-2014 Городская лига дебатов Костаная;*
**Областной турнир на Партию Адлет 2 место 2013 год;*
**За правовой Казахстан 1 место Область 2013 год;*
**Городская лига дебатов Костанай 1 место 2014 год;*
**Судья года 2014-2015 гг;*
*Приз многих областных и городских турниров.*

**БЖ: Рауан, расскажи об истории дебатного центра "Ахмет Ұрпақтары"?**

Рауан: Дебаты - это интеллектуальное образовательное студенческое движение, в основу которого заложена имитация классических парламентских прений. Игра развивает логическое и критическое мышление, вырабатывает навыки публичного выступления, а также способствует становлению личностей как будущих лидеров общества. Клуб создан в 2007 году Жанболатом Абиловым и организован по инициативе активных студентов университета. На протяжении своей недолгой истории членами дебатного клуба проведено огромное количество проектов. На сегодняшний день "Ахмет Ұрпақтары" один из старейших дебатных клубов в Костанайской области. В структуре выстроена иерархия во главе с Президентом клуба и координаторами казахской и русской лиги.

**БЖ: Какова основная задача ?**

Рауан: Центр создан с целью развития талантливой и инициативной молодежи. Для достижения заданной цели поставлены следующие задачи:

- воспитание в молодежи чувства патриотизма, ответственности и толерантности

- развитие практических навыков и умений которые могут быть использованы в повседневной жизни

- развитие сотрудничества и связей между студентами и другими молодежными общественными объединениями

- всесторонняя поддержка инициатив и идей студентов

- работа и привлечение в дебаты студентов Колледжей и учеников школ города .

**БЖ: На данный момент "Ахмет Ұрпақтары" имеет немало достижений, подтверждение тому множество кубков, медали и грамоты международных, республиканских турниров...**

Рауан: Наш клуб является один из лидирующих дебатных центров в Республике. Многие дебатеры являются призерами республиканских и международных дебатных раундов. Существует две лиги: казахская и русская лига. На данный момент координатором русской лиги является Куат Шаки, казахской лиги Ботагоз Аманжол. В каждой из них насчитывается более 50 человек. Координаторы проводят сборы каждый понедельник, среду, пятницу в стенах главного корпуса ВУЗа. Желающие могут придти в эти дни или обратиться к координаторам. Вступая в наш клуб, тренера работают со студентами, развивая лидерские качества и ораторское исскуство.

**БЖ: Какие затрагиваете темы в своих резолюциях?**

Рауан: Рассуждаем на самые актуальные темы, начиная от экономики и заканчивая духовностью общества. С дебатерами стараемся более детальней обсуждать о проблемах мира, страны, и делаем общий вывод. Анализируя резолюцию, мы расширяем свой кругозор.

**БЖ: На твой взгляд, зачем нужны дебатные центры, дебатные турниры?**

Рауан: Я считаю, дебаты- не просто игра, это нечто большее. Они дают личностное развитие, благодаря клубу мы обретаем новых друзей. Создание таких центров предоставляет поддержку, сплоченность коллективу. Молодежь , благодаря данным дебатным раундам получает возможность раскрыть для себя и в себе что-то новое. Мы становимся одной большой семьей, проводим вместе свое свободное время. А также такого рода клубы привнесут новые краски в студенческую жизнь.

**БЖ: Как ты считаешь, какая польза обществу от дебатных клубов, интеллектуальных игр?**

Рауан: Безусловно, дебаты имеют общественную значимость. Молодые люди с пониманием подходят к определенным событиям, делиться своим мнением, направленную на улучшение благосостояния общества. Проводить дебатные турниры необходимо. Я думаю, что смысл такого рода мероприятий заключается в развитии мышления для нового и интересного подхода и понимания жизни.

**БЖ: И в заключение, какие возможности имеют наши дебатеры?**

Рауан: Университет представляет большие возможности для участников. ВУЗ выделяет финансовую помощь для проведения дебатных состязаний. Наши дебатеры могут принимать участие в турнирах республиканского, международного масштаба.

Напоминание

**Сообщение**

Хэллоуин — Halloween (All Hallows Evening или Beggars Night) — ночь перед Днем всех святых (All Saints' Day). Говорят, Хэллоуину не менее двух тысяч лет. Истоки этот противоречивый праздник берет из кельтской культуры. У кельтов существовали четко обозначенные «начала времен года». Кстати, тыква — изобретение американцев. А до того в Ирландии и Шотландии страшные маски, в которые потом вставляли свечки, вырезали из реп и картофелин, а в Англии — из свеклы.

Киномания

# "Вне времени"

**"Нужно жить настоящим так, что бы не возникало желания возвращаться в прошлое..."**




Здравствуйте друзья, знакома ли вам такая ситуация? Вы дома, учебная неделя пролетела, наконец-то наступили долгожданные выходные. Не нужно никуда идти,никто нас не беспокоит, и вот мы сидим в гордом одиночестве ежесекундно заглядывая в ВК. Что же делать? Как спастись от скуки? Конечно же посмотреть интересный фильм.

Но вопрос что смотреть? Какая кинокартина достойна нашего внимания? Ведь охота что-то смешное, но не глупое, такое чтобы было с юмором и в то же время трогало до глубины души.

Если так, то рекомендую всем фильм: "Бойфренд из будущего" сразу скажу, что это не типичная, сопливая мелодрама. Просто перевод названия неудачен, на английском он звучит так "About time" (Вне времени).

Это работа режиссера Ричарда Кертиса. Прекрасное кинофильм насыщен юмором и драмматическими моментами, сопровождаемые красивой музыкой, радует оригинальный сюжет, отлично показаны: семейные отношения, смех,смысл и конечно же любовь. Фильм мотивирует ценить каждый момент своей обыкновенной, необыкновенной жизни. В первой части показана жизнь главного героя-Тима (Донал Глисон). Тим живет вполне обычно у него есть прекрасная семья: великолепный отец (Бил Найли) , практичная мама (Линдси Дункан) и любимейшая сестренка Кит-Кат (Лидия Уилсон). В один из дней Тим узнает от Отца, что у него есть уникальный дар - способность путешествовать во времени, правда с одной оговоркой можно перемещаться только в прожитые минуты своей собственной жизни. Во второй части вы сможете узнаете как Тим использует свой дар. Что же он будет делать? Копить богатство? Захочет завоевать власть? Или попытается наладить личную жизнь? Ответ вы получите после просмотра фильма.

P's после просмотра обязательно зайдите в чулан,закройте глаза и сожмите кулачки.

Мастер-класс

# Мобильные приложения для здоровья

**Татьяна НАЗАРУК, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**



**По заказу компании "Kcell" в 16 городах Казахстана прошли обучающие семинары в рамках проекта по повышению мобильной грамотности населения "Digital Life". Кафедра журналистики и коммуникационного менеджмента провели мастер-класс на тему "Мобильное здоровье".**

Медиатренером выступила выпускница специальности «журналистика», ныне главный редактор ТРК «Алау» и ведущая программы "Винтаж" Ольга Еремкина.

Студентам рассказали, как следить за своим здоровьем, просто держа в руках смартфон. В течение часа нам показывали принцип работы этих "игрушек" и даже дали возможность скачать их прямо во время семинара. Приложения из категорий "Здоровый образ жизни", "Лекарства" и "Профилактика" можно смело скачивать как на ОС IOS, так и на Android. Четверокурсница Надежда Чистякова рассказала, что ей очень понравилось приложение "Waterbalance", так как она давно планировала следить за количеством потребляемой в сутки воды. Юлия Ботнару выделила "Шагомер" - полезное приложение для анализа шагов, сна и калорий.

Абсолютно каждый может подобрать себе то, что нужно именно ему: "Бросаем курить", "Вычисление фаз сна", "Коррекция зрения" или "Медицинские тесты по здоровью".

*Жемқорлыққа жол жоқ!*

# Коррупциямен күрес тәрбие жұмысынан басталады

**Арайлым ҚҰЛТАЕВА,
ГӘФ журналистика мамандығының 2 курс студенті**

**Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен күресуге жоғары деңгейде мән беріліп отыр. Әрине, бұған қарсы күрес талаптары қаншама күшейгенімен, заңды айналып өтудің түрлі шаралары сан құбылып, жиі өзгеріске түсетіні анық. Заңымыз түзу әрі нақты болғанымен, қоғамда терең ой елегінен өткізіліп, жаңартылып отырылуы қажет.**

Қазақстан кеңес үкіметінен кейінгі кеңістікте бірінші болып 1998 жылдың шілде айында сыбайлас жемқорлықпен күрес заңын қабылдады және халықаралық конвенсияларға қосылды. Коррупцияның мемлекеттік билік және қоғам үшін де өте қауіпті екенін барлығымыз да жақсы білеміз. Елбасымыз сыбайлас жемқорлықпен күресті нақты жолға қойып, мемлекеттік бағдарламаларды қабылдады. Осы бағдарламаларды іске асыру аясында оқу ордамыз да өз үлесін қосуда. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде жемқорлыққа қарсы күресті күшейту шаралары Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы заңнамаларына, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың бағдарламасына сәйкес орындалады деп жарияланды. Бұл қалай жүзеге асырылады? Ол үшін не істеу қажет? Осы және басқа да сұрақтардың жауабын білу үшін ҚМУ ректорының кеңесшісі Дауенов Михаил Жүсіпұлымен сұхбаттасқан болатынбыз.

**- Біздің ҚМУ республикадағы жоғары оқу орындарының арасында алғаш болып жемқорлыққа қарсы концепция бекітті. Студенттерге жемқорлыққа қарсы күресуге үйрететін пән оқытамыз деп бастама көтерді. Негізі мұндай ой қайдан туды? Мақсаты мен міндеті қандай? Студенттерге қажеттілігі бар ма?**

- Жалпы, сыбайлас жемқорлықтың негіздеріне қатысты мәселе көптен бері көтеріліп келе жатқан әңгіме. Елдің ішінде де, мекемелер арасында да. Елбасының өзі жиі көтеріп жүрген мәселелердің бірі. Осы жағдайға араласып жүріп түсінгеніміз, жемқорлықпен күресу оңай жұмыс емес екен. Соңғы жылдары өзіміз үкіметтік емес ұйымдармен бірігіп жұмыс жасап жүрміз. Мемлекетіміздің ішіндегі осы жұмыс 3 ке бөлінеді: заң шығарушы органдар – олар заң шығарады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреседі, оның шаралары қандай, тәртіптері мен жазалары қандай? Осының бәрін қарастырады. Екінші сол заңды орындаушы – құқық органдары. Олар осы жемқорлыққа қатысы бар адамдарды байқап, соларды ұстап, істі аяғына дейін жеткізеді. Ал ол адамдар қайдан шығып жатыр? Олардың бәрі төменнен шығып жатыр. Бұған қарсы тұра алмайтындарына не себеп? Біз осыған көңіл бөлдік, жауап алдық. Мектепте жүріп балалар естіген, жоғарғы оқу орнында жүріп студенттер естіген, мұғалімдерге сыйлық алып беруден басталады мұның бәрі. Студенттердің арасында сыбайлас жемқорлықты түсінетіндері де, түсінбейтіндері де бар. Бәріне дерлік түсіндіру үшін бұл пәнді қолға алдық. Себебі, өзіміздің мұғалімдер, бәрі емес, әрине, бірақ барады осындай іске. Студенттің сабақ білмейтіндігіне, сабақтан кешігіп жүретіндігіне, аттестация жетпей қалатындарына, соның бәрін бұлар сылтау қылып, балаларды пара беруге итермелейді. Елбасымыздың өзі «болашақ жастардың қолында» деп білім алып жатқан болашақ мамандарға сенім артып отыр. Осының бәрін ойлап, саралай келе ректормен ақылдасып, ұйымдаса отырып жемқорлыққа қарсы шараларды жасауды қолға алдық. Бастаған шараларымыз дұрыс екендігіне өзіміздің көзіміз жетіп отыр. Жоғары білім алмаса жастар мықты маман бола алмайды, олай болмаған соң сыбайлас жемқорлыққа барады. Болашақтары жарқын болу үшін қолымыздан келгенді жасаудамыз. «Жемқорлыққа жол жоқ!» деп қарсы бейімдеп жатырмыз.



**- Сіз оқу ордамыздағы «Жемқорлыққа қарсы күрес» қоғамдық кеңесінің мүшелерінің бірісіз. Осы қоғамдық кеңестің жұмысы жайлы нақтылап айтып берсеңіз?**

- Қоғамдық кеңестің құрылғанына 2 жылдай уақыт болып қалды. Оның төрағасы - ректор. Біз өзіміздің ой-пікірімізді айтқаннан кейін кеңестің мүшесі болдық. Жалпы менің сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарып жүрген қызметім біршама. «Нұр Отан» партиясы ҚОФ жемқорлыққа қарсы құрылған кеңесінің орынбасарымын және жаңадан құрылған мемлекеттік жұмыс департаменті мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің қоғамдық кеңесінің төрағасымын. Жалпы, оқу ордамыздың кеңесі білім саласын, қаржы саласын және материалдық саланы заңды жолмен дұрыс жаратып, білім алып жатқан студенттер мен білім беріп жатқан ұстаздарға заңды көмек көрсету. Бір шаңырақтың астында жүргеннен кейін, қисық болған нәрсені бәрі де көреді, сосын оны айтады. Университетке деген патриоттық сезіміміз болу керек. Заңға бағыну үшін, сол заңды сыйлауымыз қажет. Қоғамдық кеңеске барлығымыз бірдей жұдырықтай жұмылып ат салысуымыз керек деп есептеймін. Ең алдымен тәрбие жұмысын алға қою керек. Оны бірінші орында мұғалім өзі бастауы керек, міндетті түрде. Адамның басына тек кітапта жазылғанды құймай, өмірдің кітабын құю керек, өмірдің!

**- Осы кеңестің атқарған жұмысының нәтижесінде өз шешімін тапқан мәселе бар ма? Бір нәтиже шықты ма?**

- Бар. Таза сессия деген бар ғой, сонда қоғамдық кеңестің мүшелері бірге жүрдік, факультеттегі дұрыс жасалмай жатқан жағдайларды ректорға жеткізіп тұрдық. Одан кейін, емтихан кезінде мұғалімдердің ауысып кетуі, не болмаса емтиханның уақытын ауыстыруы сияқты мәселелер болды. Осының бәрін реттеп, тәртіп орнаттық. Жалпы, кеңес мүшелері әрбір факультетке бөлінген. Әрқайсысы өз жұмысын тиянақты атқарып жатыр деп айта аламыз. Екі жылдың ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесін жоғарғы деңгейге көтере білдік. Мұғалімдердің де, студенттердің де артық әңгімесі тиылды. Беріп жатыр, алып жатыр дегендер азайды.

**- Университетіміз жемқорлықпен күресуді мақсат етіп алды. Енді сол мақсатқа қалай жетеміз? Алдағы уақытта, 2016 жылы қандай іс-шаралар іске асырылады деп жоспарлануда?**

- Біріншіден, менің ойымша оқу ордамыздың ұстаздары студенттермен жұмыс жасағанда таза, адал жолмен жүру керек. Өзімізді өзіміз көрсете білуіміз қажет. Студентке біліміміз арқылы жағуымыз керек, яғни олардың бізге деген сенімі артса екен деймін. Екіншіден, қандай пән, қандай жағдай болмасын біз сыбайлас жемқорлыққа баратын жол қалдырмауымыз керек. Ең бастысы заңмен жүріп, заңды күшейту. Басты мақсатымыз, жемқорлыққа жол бермейтін мықты мамандар дайындап шығару!

*Жемқорлық – жегі құрт!*

# Баршаға ортақ міндет

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050:Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «...Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс.» деген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, «Нұр Отан» партиясы 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын әзірледі.

2014 жылдың шілдесінен бастап Бағдарлама жобасы қоғамдық талқылауға ұсынылды. Бастауыш партия ұйымдары, өңірлік филиалдар, ҚР Парламенті депутаттары, сарапшылар, қоғамдық ұйымдардан 800-ден аса ұсыныс келіп түсті. Бағдарлама жобасы мемлекеттік органдармен мақұлданып, партияның Мәжілістегі фракциясы, партияның барлық өңірлердегі кеңестерінде бірауыздан қолдау тапты.

Ұсыныстар мен толықтыруларды ескере отырып, аталмыш құжат айтарлықтай жетілдіріліп, 2014 жылдың 11 қарашасында «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында қабылданды.




*Алтын қауырсын*

# Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы

## Дәуренбек Сираж



*1996 жылы тамыздың 27 күні Ақтөбе облысы, Қандыағаш қаласы, Мұғалжар ауданында дүниеге келген. Қазіргі таңда Ахаң атындағы қара шаңырақта, гуманитарлық әлеуметтік факультеті, журналистика мамандығының 1 курс студенті. Оқуға келген күннен бастап университет қабырғасындағы іс-шараларға қатысып келеді. Оқу ордамыздағы «Ахмет ұрпақтары» дебат клубының беделді мүшесі, ішкі турнирдің 3 орын иегері. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, соңғы алты айда Дәренбек Сираждың қазақтың қара өлеңіне деген ынтаықыласы арта түскен. Елінің елеулі азаматы, халқының қалаулы ақыны болуды армандайтын жас талаптың жыр жолдарын газетімізге жариялап отырмыз.*

### Өлең – сырлас, мұңдасың

Сырым көп айта алмаған, айта алмайтын,
Айтуға ешкімге де бата алмайтын.
Сырласатын досым бар өлең деген,
Оған айтпай сырымды жата алмайтын.

Ақтарамын мұң-өкпемді қалам алып,
Өртейтұғын мені көп іштей жарып.
Саған айтам сезімімді сезінген,
Саған айтам қиындықты сезінген.

Қазақтың бас ақыны жарық Күндей,
Абайменен аяқтайын ұзақ жүрмей.
Өлең деген сырласың, мұңдасың да,
Сөзімді тоқтатайын айта бермей.

## Абылай Хайрулла



*1998 жылы 4 ақпанда Шымкент, Мақтаарал ауданында туған. Биыл Қостанай мемлекеттік университеті, ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетіне оқуға түсті. ҚМУ-дың 1 курс студенті Абылай «Ахмет ұрпақтары» дебат клубының мүшесі, ішкі турнирде «Үздік талпыныс» номинациясының иегері. Өлең жазуды бастағалы 1 жыл ғана болғанымен, сері жігіттің жазған өлеңдері көптің көңілінен шығуда.*

### Қыздарға арнау

Күтемін бе шабытымның келу күнін,
Қыздарменен мына әлем сұлу бүгін.
Ақын болып жер бетінде неге жүрмін?
Айта алмасам қыздардың сұлулығын.

Жігіттердің қыздар ғой жүрек еті,
Қыздарсыз жігіт өмір сүрере ме еді?!
Әлемнің жеті кереметін былай қойшы,
Қыздар ғой ең тамаша кереметі.

Сезімді айтып қал, жасырмағын,
Сүйсеңдер, ұнатсаңдар жасың-көрің.
Қадірлеңдер, бағалаңдар қыздарды,
Сыйлаңдаршы, қыздарды мына бәрің.

Выставка

# "Жизнь как живопись" глазами студента

**Салкымбаева Камила**

**В картинной галерее 16 октября прошла выставка картин знаменитого костанайского художника Захарченкова Александра.**

На выставке присутствовали не менее известные художники: Барабанов Владимир, который является хорошим другом Александра Захарченкова, Галбен Владислав – ученик и последователь Александра Васильевича, а также Кислицын Егор, Соков Георгий, Луговой Сергей, Кусков Олег, Торшин Николай. Но это не единственные гости данного мероприятия. Двери открылись для людей разного возраста от мала до велика, для детей с физическими отклонениями. Среди всех можно было заметить и первокурсников КГУ им.А.Байтурсынова. Наши студенты остались в полном восторге от увиденного. Атмосфера была наполнена весельем, теплотой , казалось, что картины оживут и вот-вот сойдут с полотен. К слову, выставка так и называлась «Живопись как жизнь» и это дает нам понять художник. Картины прекрасны по своему содержанию, смотря на них можно утонуть в толще чувств передаваемых художником. Несомненно, Александр Васильевич является тем человеком, который вкладывает в работы всю свою душу. Его любимыми временами года, изображаемыми на картинах, являются осень, и весна это было сказано во время мероприятия. Сам же художник дал небольшое интервью, в котором ответил, что его вдохновляет, почему он выбрал романтический реализм для своих картин, какой вид искусства ему нравится больше. Александр Васильевич очень открытый человек, который с упоением рассказывает о своем творчестве – «Меня вдохновляет все вокруг, начиная с погоды и заканчивая людскими отношениями. Я сам говорю своим ученикам, что нужно подмечать все вокруг. Во время поездки в автобусе, прогулки на улице видеть то, что не видят другие. Это основа искусства. Выбранный мною стиль романтический реализм пришел с годами, каждый художник выбирает свое лицо, если тебя можно узнать без подписи, значит, ты состоялся как художник. В данный момент работаю в живописи, графике, скульптуре. Я не могу выбрать определенный вид искусства, говорят, что лучший отдых – это смена деятельности, также и для меня, поработав в графике, для разгрузки я перехожу на живопись». Вот такой информацией поделился Захарченков Александр. Стоит также отметить, что нашим студентом посчастливилось ознакомиться с картинами под личным руководством Александра Васильевича. Приобщение студентов к прекрасному прошло на высшем уровне.





Другие берега

# Путешествие из Остравы в Костанай

**Георгий Говоров и Андрей Барсуков, студенты 1 курса специальноси "журналистика"**

**Костанай с визитом посетила Николь Хоракова, педагог из Остравского университета (Чехия). В начале октября состоялась встреча нашего гостя и студентов 4 курса кафедры иностранной филологии. Беседа проходила на английском языке. Гостья рассказа о себе и о своём университете. Нам удалось задать ей несколько вопросов.**

**- Здравствуйте, Николь, расскажите нам пожалуйста о себе!**

- Я родилась в Германии. Училась сначала в монастырской школе, затем в школе для девочек. Впоследствии поступила в университет в городе Майнц на кафедру социологии и истории. По окончанию учёбы мне предложили работу в Чехии. Сейчас я декан кафедры социологии Остравского университета. Вот уже 20 лет успешно преподаю социологию, историю и славянские языки. На данный момент у меня прекрасная работа и счастливая семья.

**- Расскажите о цели вашего визита в Костанай?**

- Я приехала в ваш прекрасный город по программе международного сотрудничества университетов. Моя цель - провести семинары по социологии на английском языке. Кроме того, мне посчастливилось посетить обычные казахстанские семьи. В моей работе мне помогали ваши преподаватели Качеев и Назарбекова, они были моими проводниками.

**- Николь, скажите пожалуйста, что вы думаете о Костанае?**

- Это мой первый визит в Казахстан. Знакомство с вашей страной я начала с Костаная. Это маленький, но милый город. Погода у вас отличная, но для меня достаточно прохладная. У вас много зелени, красивый парк возле университета – мне это нравится. Особенно меня поразило тесное сотрудничество людей разных национальностей, отсутствие конфликтов. Для меня приятный сюрприз тот факт, что у вас в стране мирно проживает более 147 национальностей.

**- Что вы можете сказать о КГУ, чем отличаются наши студенты?**

- Мне интересны ваши студенты, может, потому, что они отличаются от чешских. Мои студенты более часто общаются на иностранных языках. Они имеют больше практики общения с носителями разговорной речи. Приведу пример. Мой город расположен недалеко от границы с Польшей. Мы часто ездим в соседнюю страну для общения на польском языке. Каждый день мы говорим на разных языках.

**- Не было ли проблем в общении с нашими студентами?**

- Я ездила в Сибирь и Санкт-Петербург, где изучала русский язык. В вашей стране он имеет статус межнационального общения. Я понимаю, что мне говорят по-русски, но ответить могу лишь на английском. Однако ваши студенты хорошо знают этот язык, поэтому проблем в общении не было.

**- Вчера вы ходили в библиотеку имени Льва Толстого, где проходила «Библионочь-2015». Поделитесь вашими впечатлениями! Есть ли альтернатива в вашей стране?**

- Как в Остраве, так и в Европе есть что-то похожее. Мы называем это мероприятие «Ночь в музее». К сожалению, эта акция не пользуется большой популярностью у меня на родине. Меня очень удивил огромный интерес вашего населения, среди которых много студентов.

**- В русском драматическом театре прошла премьера постановки «Женитьба Фигаро». Вы были одной из зрительниц. Понравился ли вам спектакль?**

- К сожалению, я многого не смогла понять. Сказывается моё незнание русского языка. Мне очень понравились костюмы и декорации. Они великолепны и достойны наилучшей похвалы.

**- Николь, собираетесь ли вы в будущем вернуться в Казахстан?**

- Я очень хочу вернуться в Костанай и посетить другие города Казахстана. Моя мечта посетить «Экспо – 2017» в Астане. Однако это больше зависит от руководства моего университета, нежели от меня самой. Если будет возможность, я обязательно вернусь.

**- Спасибо за ваши ответы. Удачной дороги и всего самого наилучшего!**





"БІЛІМ ЖАРЫСЫ"
МЕНШІК ИЕСІ: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,
Редакцияның мекенжайы: Қостанай қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 47. Тел. 511167

Шығарушы редактор А.Өстемірова

Нөмірді дайындаған ҚМУ-дың журналистика мамандығының студенттері
Беттеген Алина Сушко
Бас маман Қымбат Досжанова

Отпечатано в ТОО "Костанай полиграфия". Ул.Мауленова 16 тел 8(7142)28-02-93
Заказ №2403 Тираж 1500 экз.
Объем 2 печатных листа

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 25 наурызында тіркеліп, №2794-г куәлігі берілген